

Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 7 қазандағы № 48/15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қазанда № 6586 болып тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 21.05.2021 № 4/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 12-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 21.05.2021 № 4/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшері айқындалсын.

3. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихат сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

С. Тимофеев

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2020 жылғы 7 қазандағы
№ 48/15 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 21.05.2021 № 4/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.10.2023 № 7/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының негізінде әзірленді, Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган – "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Осы Тәртіпте мына негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бейінді маман – бұл жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) жұмыс беруші - тиісті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы;

3) медицина қызметкері – кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

4) фармацевтика қызметкері - фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

4. Солтүстік Қазақстан облысының аумағына басқа өңірлерден жаңадан келген, жұмыс берушімен еңбек шарттарын жасасқан және Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жерлері мен кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмыс істеуге жіберілген қызметкерлер біржолғы әлеуметтік қолдау алуға құқылы.

5. Біржолғы әлеуметтік қолдау алуға үміткер қызметкерлер жұмыс берушімен және уәкілетті органмен "Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау шарасын ұсыну туралы" Келісім жасайды, оған сәйкес әлеуметтік қолдау алған қызметкер мемлекеттік медициналық ұйымдарда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс істеуі тиіс.

6. Қызметкерлердің жұмыс берушімен еңбек шарты жасалған сәттен бастап 1 (бір) жыл ішінде әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтінім беруге құқығы бар.

7. Медицина қызметкері Солтүстік Қазақстан облысы шегінде басқа аумақтығы бойынша мемлекеттік медициналық ұйымға жұмысқа ауысқан жағдайда, ұсынылған әлеуметтік қолдау қызметкерде сақталады.

8. Уәкілетті орган денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жерлері мен кенттері, аудандық және облыстық маңызы бар қалалары үшін мамандықтар бойынша медициналық және фармацевтикалық кадрларға сұранысқа талдау жүргізеді.

9. Әлеуметтік қолдау мынадай бір жолғы төлемнен тұрады:

1) Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласына жұмысқа жіберілген, жалпа практика дәрігері лауазымына қабылданған медицина және фармацевтика қызметкерлеріне 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

2) Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласына жұмысқа жіберілген бейінді мамандарға 3 500 000 (үш миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде;

3) Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген, жалпа практика дәрігері – лауазымына қабылданған медицина және фармацевтика қызметкерлеріне 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде;

4) Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген бейінді мамандарға 5 000 000 (бес миллион) теңге мөлшерінде.

10. Қызметкерлер әлеуметтік қолдау алу үшін уәкілетті органға мына құжаттарды ұсынады:

1) жеке куәлігінің көшірмесі;

2) жоғары кәсіптік білімі туралы дипломының көшірмесі;

3) еңбек еткенін растайтын құжатының көшірмесі (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес);

4) мемлекеттік медицина ұйымына жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі.

11. Әлеуметтік қолдау көрсету туралы құжаттарды қарауды комиссия жүзеге асырады:

1) комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс;

2) комиссия төрағасы лауазымы бойынша уәкілетті орган басшысының орынбасарынан төмен емес тұлға болып табылады;

3) хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

12. Комиссия мына функцияларды жүзеге асырады:

1) қызметкерлер ұсынған осы Тәртіптің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарайды;

2) он бес жұмыс күні ішінде қызметкерлерге әлеуметтік қолдау ұсыну не ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Қарау мерзімі қызметкерлер ұсынған құжаттардың дұрыс болмаған және құжаттардың тізбесі толық болмаған жағдайларда ұзартылуы мүмкін.

13. Біржолғы төлем комиссия шешім қабылдағаннан кейін және бюджет қаражаты болған кезде екінші деңгейлі банкте ашылған қызметкерлердің есептік шотына аудару арқылы отыз күнтізбелік күн ішінде төленеді.

Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде қызметкерлерге комиссияның қабылдаған шешімі туралы хабарлайды.

14. Бала 3 (үш) жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыс берілген жағдайда, осы Келісімде көзделген жұмыспен өтеу мерзімі жұмысқа шыққан сәтке дейін тоқтатыла тұрады.

15. Қызметкерлермен еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, жұмыс беруші үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлайды.

16. Қызметкерлер төленген әлеуметтік қолдауды қайтаруды осы Тәртіптің 15-тармағында көзделген негіздер бойынша отыз күнтізбелік күн ішінде жұмыс істеген уақытына тепе-тең жүргізеді.

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2020 жылғы 7 қазандағы
№ 48/15 шешіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2018 жылғы 30 шілдедегі № 23/4 шешімнің (2018 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4877 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 23/4 "Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 24/10 шешімі (2018 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4904 болып тіркелді)

3. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 23/4 "Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 8 шілдедегі № 44/11 шешімі (2020 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6447 болып тіркелді).